

**2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 59 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 мамырда № 7-13-156 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 28 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2013.01.31 № 28 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскери шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "

Шыңғырлау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу кезінде дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Шыңғырлау ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақырушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Халелов

КЕЛІСІЛДІ:

Батыс Қазақстан облысының  
әкімдігі денсаулық сақтау  
басқармасының "Шыңғырлау  
аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорнының  
директоры  
\_\_\_\_\_Қалмен Толыбай Қалменұлы

30.03.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысының  
Ішкі істер департаменті  
Шыңғырлау ауданының ішкі  
істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі бастығының  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_Тукупов Ербол Жоламанұлы

30.03.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысы  
Шыңғырлау ауданының қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы  
\_\_\_\_\_Шутанов Мейрам Болатұлы

30.03.2012 ж.

